

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия-1 кафедрасы		38 / 11
Тәжірибелік дағдыларды аттестациялау бойынша әдістемелік нұсқау		16 беттің 1 беті

Тәжірибелік дағдыларды аттестациялау бойынша Әдістемелік нұсқау

Білім беру бағдарламасы: 6В10113 «Педиатрия»

Пән: «Балалар ревматологиясы»

Оқытылатын курс пен семестр: 6- курс, XI семестр

Шымкент 2025 ж

У 408-01-02-2024. тәжірибелік дағдыларды аттестациялау бойынша әдістемелік нұсқау

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия-1 кафедрасы		38 / 11
Тәжірибелік дағдыларды аттестаттау бойынша әдістемелік ұсынымдар		15 беттің 2 беті

1. Тәжірибелік дағдыларды аттестаттау бойынша әдістемелік нұсқаулық кафедра мәжілісінде каралды.

Құрастырушы:  ассистент А.Е.Төлеуова
Кафедра меңгерушісі:  PhD, қауымд.проф.Кемельбеков К.С.
Хаттама № 2 Күні 25.09.25

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия-1 кафедрасы		38 / 11
Тәжірибелік дағдыларды аттестаттау бойынша әдістемелік ұсынымдар		15 беттің 3 беті

1. Кіріспе.

6 курс Педиатрия мамандығы интерндеріне «Балалар ревматологиясы» Балалардағы кең таралған ревматологиялық ауруларды диагностикалау және емдеу бойынша білімді қалыптастыру, озық технологияларды қолдану, науқастарды жүргізу тактикасы. Профилактика, оңалту және пациенттерді динамикалық бақылау. Диспансерлеу. Санитарлық ағарту. Медициналық қызмет көрсету үдерістерін құжаттау. Балалар ревматологиясы саласында зерттеу дағдыларын меңгеру. Коммуникативтік дағдылар мен пациенттерге қолдау көрсету.


2. Емтихан тапсырушыға мәлімет

- Емтихан алдында барлық білім алушыларға нөмірі көрсетілген бейджи, шифры бар қорытынды аттестациялық парағы беріледі.
- Білім алушы шифр нөмірін білуі қажет.
- Емтихан басталуы ысқырықтан кейін басталады.
- Тапсырманың орындалу жағдайына байланыссыз білім алушытердің келесі кезеңге өтуі ысқырықтан кейін басталады.
- Білім алушы емтихан қабылдаушыға сұрақ қоюға құқы жоқ.

3. Емтихан қабылдаушыларға мәлімет

- Әр емтихан қабылдаушыға емтихан біткенше жауап беретін кезең бекітіледі,
- Емтихан қабылдаушы бағалау парағына білім алушытің бейдж нөмірін енгізіп, білім алушытің тапсырма орындауын адал, мұқият қадағалауы керек.(қ.9)
- Емтихан қабылдаушы білім алушытің тапсырма орындауын бағалау парағында көрсетілген әрбір қадамды машықты дағдыларды қадам бойынша орындауда емтихан тапсырушының іс әрекетін балдық бағалау критерилері бойынша бағалап, білім алушытің тапсырма орындау барысында балдарын қойып отыруы қажет.(қ.8)
- Емтихан қабылдаушы қорытынды балды есептеп «Қорытынды аттестациялық параққа» (қ.9) енгізіп, қол таңбасын қойып білім алушы қолына тапсырады.
- Емтихан қабылдаушының білім алушыпен сөйлесіп, оған сұрақтар қоюға құқы жоқ.
- Емтихан қабылдаушы өз станциясынан өткен барлық білім алушытің бағалау парағындағы балын есептеп, бағасын қойып, бағалау парағын хатшыға тапсыруы қажет.
- Әр білім алушы бойынша емтиханның қорытынды бағасын шығарғанда емтихан қабылдаушы қатысуы қажет.

4. Кезендердің реттілігінің схемасы



ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия-1 кафедрасы		38 / 11
Тәжірибелік дағдыларды аттестаттау бойынша әдістемелік ұсынымдар		15 беттің 5 беті

5. Тәжірибелік дағдыларды аттестациялауға арналған тапсырмалар тізімі

Кезең №	Емтихан тапсырушыға арналған тапсырмалар	Макс. балл	Уақыт (мин.)
1	ЮРА бар науқас балаларды клиникалық қарау	20,0	4
2	Бұлшық ет массасын анықтау	20,0	4
3	Буындардың қозғалмалығын анықтау	20,0	4
4	Ревматологиялық патологиясы бар балалардың биохимиялық анализдеріне интерпретация жасау	20,0	4
5	Ревматологиялық патологиясы бар балалардың буындарының рентген суреттеріне интерпретация	20,0	4
6	Жүйелі қызыл жегі бар науқастарға клиникалық протокол бойынша емдеу жоспарын жасау	20,0	4
7	Балалардағы буын ауырсынуын анықтау шкаласы. Шкала Эланда	20,0	4
8	Балалардағы буын ауырсынуын анықтау шкаласы. Визуальды аналогты шкала	20,0	4

6. Тәжірибелік дағдыларды аттестациялау үшін қажетті жабдықтардың, құралдардың және құжаттамалардың тізімі

Кезең №	Кезеңдердің атауы	Қажетті құрал-жабдықтар
1	ЮРА бар науқас балаларды клиникалық қарау	5-6 жасар маникен
2	Бұлшық ет массасын анықтау	7-8 жасар маникен
3	Буындардың қозғалмалығын анықтау	8 жасар маникен
4	Ревматологиялық патологиясы бар балалардың биохимиялық анализдеріне интерпретация жасау	Анализдер парағы
5	Ревматологиялық патологиясы бар балалардың буындарының рентген суреттеріне интерпретация	Рентген суреттері
6	Жүйелі қызыл жегі бар науқастарға клиникалық протокол бойынша емдеу жоспарын жасау	5-6 жасар маникен
7	Балалардағы буын ауырсынуын анықтау шкаласы. Шкала Эланда	7-8 жасар маникен
8	Балалардағы буын ауырсынуын анықтау шкаласы. Визуальды аналогты шкала	8 жасар маникен

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия-1 кафедрасы		38 / 11
Тәжірибелік дағдыларды аттестаттау бойынша әдістемелік ұсынымдар		15 беттің 6 беті

**7. Тәжірибелік дағдыларды қадамдық орындау кезінде
емтихан тапсырушының іс-әрекеттерін баллдық бағалау критерийлері**

**КЕЗЕҢ №1
ЮРА бар науқас балаларды клиникалық қарау**

№	Қадамды бағалау критерийлері	Баға			
		Балл	Орын далды 100%	Толы к орын далма ды 50%	Орын далма ды 0%
1.	Науқасты құрметпен және мейірімділікпен қарсы алды. Өзін науқасқа таныстырды. Ол науқасты өзіне қарай ыңғайлы етіп орналастырды, науқасқа қолайлы жағдай жасады. Науқастың тегін, атын және жасын сұрады. Науқастың шағымдарына, ауру тарихын және эпидемиологиялық анамнезін нақтылау үшін өз сұрақтарын науқасқа түсінікті етіп тұжырымдады.		3,0	1,5	0,0
2	Буындардың пальпацияны жүргізіп бастады. Жоғарғы жақ буындарды тұрған қалыпты не отырған қалыпта тексереді, ал төменгі буындарды отырғызып не жатқызып тексереді. Екі жақты салыстыра тексеру маңызды — сол және оң буындарды кезекпен салыстырыңыз. Буын аймағында қызару, ісіну, деформация бар-жоғын тексеріңіз. Бұлшықет атрофиясы (кішірею), терінің өзгеруі байқала ма анықтаймыз. Қолдың сыртқы жағымен буынның жергілікті қызуын анықтаңыз. Қабынған буын терісі қызуырақ болады. Саусақтарыңызбен буынның айналасын және ішкі жағын жеңіл басып көріңіз. Бала ауырсынуды сезсе — ол бет-әлпетімен немесе қимылымен көрсетеді (бұрылу, жылау, шегіну). Буын маңындағы жұмсақ тіндерді басып көріңіз — сұйықтық бар-жоғын анықтау үшін. Синовит (синовиальды қабыну) кезінде буын жұмсақ, «толқымалы» сезіледі. Буын саңылауының кеңеюі немесе тарылуы Саусақпен буын кеңістігін жан-жақтан басып көріңіз — кейде қалындаған немесе тарылған жерлер білінеді. Қимыл кезінде сырт еткен немесе үйкелген дыбыс/сезім болса — бұл буын ішіндегі өзгерістердің белгісі болуы мүмкін. Буынның қозғалғыштығын тексеріңіз (бала өзі қозғала ма, шектеу бар ма).		14,0	7,0	0,0

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия-1 кафедрасы		38 / 11
Тәжірибелік дағдыларды аттестаттау бойынша әдістемелік ұсынымдар		15 беттің 7 беті

	Белсенді және пассивті қозғалыс кезінде ауырсыну бар-жоғын анықтаңыз.				
3	Анықталған белгілерді жазып алыңыз: Ісіну, ауырсыну, гипертермия, қозғалыс шектеулігі, крепитация т.б. Қажет болған жағдайда қосымша зерттеулерге жолдама беру (УДЗ, рентген, қан талдауы). Емдеу жоспарын жазып, түсіндіріп науқасты мейірімділікпен шығарып салды.		3,0	1,5	0,0

Кезеңдегі ең жоғары балл-20,0 балл.

Өту баллы – 10,0 балл

Тапсырманы орындауға бөлінген уақыт-4 минут.

КЕЗЕҢ №2

Бұлшық ет массасын анықтау

№	Қадамды бағалау критерийлері	Баға			
		Балл	Орын далды 100%	Толы к орын далма ды 50%	Орын далма ды 0%
1.	Науқасты құрметпен және мейірімділікпен қарсы алды. Өзін науқасқа таныстырды. Ол науқасты өзіне қарай ыңғайлы етіп орналастырды, науқасқа қолайлы жағдай жасады. Науқастың тегін, атын және жасын сұрады. Науқастың шағымдарына, ауру тарихын және эпидемиологиялық анамнезін нақтылау үшін өз сұрақтарын науқасқа түсінікті етіп тұжырымдады.		3,0	1,5	0,0
2.	Қаңқа-бұлшықет құрылымын көру арқылы бағалау:Бұлшықет атрофиясы (кішірею) бар ма? Ассиметрия (оң/сол жақ бұлшықет массасының айырмашылығы) қандай? Гипотония (бұлшықет әлсіздігі), гипертонус (жиырылу)? Дене бітімі: арық, орташа немесе семіз. Бұлшықет шеңберін өлшеу: Сантиметрлік лента қолдану арқылы келесі жерлер өлшенеді: Иық (бицепс аймағы) — қол бос тұрған күйде. Жамбас (ортан жілік бұлшықеті). Балтыр. <i>Екі жақты салыстыру міндетті (оң және сол).</i> Бұлшықет массасын нақты бағалау үшін теріасты май мен жалпы салмақты ажырата білу маңызды. Арнайы функционалдық тесттер жасап көреміз: Бұлшықет күшін бағалау		14,0	7,0	0,0

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия-1 кафедрасы		38 / 11
Тәжірибелік дағдыларды аттестаттау бойынша әдістемелік ұсынымдар		15 беттің 8 беті

	- Қолдың қысып ұстау күші (гидравликалық динамометр қолдануға болады) - Тізені жазу/бүгу, балтырмен тұру, қолды көтеру секілді қарапайым жаттығулар. - Қозғалыс пен төзімділік - Бала белгілі бір қозғалысты қаншалықты еркін және ұзақ орындай алады? - Мысалы: отыру-тұру (30 секунд ішінде неше рет жасайды?) Қолмен итеру, тепе-теңдік сақтау				
3.	Алынған мәліметтерден баладан бұлшық ет жеткіліксіздігі бар ма жоқ па, ассимитрия бар ма жоқ па анықтап, қажет болған жағдайда қосымша зерттеулерге жолдама беру (Креатинфосфокиназа (КФК), миоглобин, альбумин деңгейі). МРТ / УДЗ: кей жағдайда бұлшықет тінінің құрылымын нақты бағалауға мүмкіндік береді. Емдеу, оңалту немесе қосымша тексеруге жолдау туралы шешім қабылдап, Науқасты мейірімділікпен шығарып салу.	3,0	1,5	0,0	

Кезеңдегі ең жоғары балл-20,0 балл.

Өту баллы – 10,0 балл

Тапсырманы орындауға бөлінген уақыт-4 минут.

КЕЗЕҢ №3 Буындардың қозғалмалығын анықтау

№	Қадамды бағалау критерийлері	Баға			
		Балл	Орын далды 100%	Толы к орын далма ды 50%	Орын далма ды 0%
1.	Науқасты құрметпен және мейірімділікпен қарсы алды. Өзін науқасқа таныстырды. Ол науқасты өзіне қарай ынғайлы етіп орналастырды, науқасқа қолайлы жағдай жасады. Науқастың тегін, атын және жасын сұрады. Науқастың шағымдарына, ауру тарихын және эпидемиологиялық анамнезін нақтылау үшін өз сұрақтарын науқасқа түсінікті етіп тұжырымдады.		3,0	1,5	0,0
2.	Визуальды түрде: буынның формасы, симметриялы ма? Қозғалыс кезінде ауырсыну бар ма жоқ па, бұлшықет спазмы, ісіну немесе деформация байқала ма		14,0	7,0	0,0

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия-1 кафедрасы		38 / 11
Тәжірибелік дағдыларды аттестаттау бойынша әдістемелік ұсынымдар		15 беттің 9 беті

	анықтаймыз. Активті және пассивті тест арқылы буындардың қозғалмалығын анықтаймыз. актив қозғалыс — бала өзі қимылдайды. Пассив қозғалыс — тексеруші дәрігер/медбике қимыл жасатады. Иық Флексия, экстензия, абдукция, аддукция, ротация Шынтақ Бүгу, жазу Тізе Бүгу, жазу Сан Флексия, экстензия, ішке/сыртқа айналдыру Аяқ білезік Плантар/дорсифлексия Омыртқа Алға еңкею, артқа шалқаю, айналу				
3.	Анықталған белгілерді жазып алыңыз: Ісіну, ауырсыну, гипертермия, қозғалыс шектеулігі, крепитация т.б. Қажет болған жағдайда қосымша зерттеулерге жолдама беру (УДЗ, рентген, МРТ, қан талдауы). Емдеу жоспарын жазып, түсіндіріп науқасты мейірімділікпен шығарып салды.	3,0	1,5	0,0	

Кезеңдегі ең жоғары балл-20,0 балл.

Өту баллы – 10,0 балл

Тапсырманы орындауға бөлінген уақыт-4 минут.

КЕЗЕҢ №4

Ревматологиялық патологиясы бар балалардың биохимиялық анализдеріне интерпретация жасау

№	Қадамды бағалау критерийлері	Баға			
		Балл	Орын далды 100%	Толы к орын далма ды 50%	Орын далма ды 0%
1.	Дәрігер интерн келді, амандасты.		3,0	1,5	0,0
2.	Берілген биохимиялық анализдерді алып, көрсетілген критерий бойынша толық айтып берді. Анализ қорытындылары бойынша дұрыс бағалау берді.		14,0	7,0	0,0
3.	Биохимиялық анализ бойынша болжамды диагнозды айтты.		3,0	1,5	0,0

Кезеңдегі ең жоғары балл-20,0 балл.

Өту баллы – 10,0 балл

Тапсырманы орындауға бөлінген уақыт-4 минут.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия-1 кафедрасы		38 / 11
Тәжірибелік дағдыларды аттестаттау бойынша әдістемелік ұсынымдар		15 беттің 10 беті

КЕЗЕҢ №5
Ревматологиялық патологиясы бар балалардың буындарының рентген суреттеріне
интерпретация

№	Қадамды бағалау критерийлері	Баға			
		Балл	Орын далды 100%	Толы к орын далма ды 50%	Орын далма ды 0%
1.	Дәрігер интерн келді, амандасты. Рентген суреттерді қарау кезінде зерттелетін мүшені дұрыс тапты.		3,0	1,5	0,0
2.	Рентген суретті сипаттады. -көлеңке: жұмсақ, орташа, интенсивті, тығыз. -контуры: анық, анық емес. -буын саңылауларының кеңеюі не тарылуы -эрозиялардың бар не жоқ болуы. - Өсіп келе жатқан шеміршек аймағының болуы ашық не жабық. - сіну, кальцификация (тұздардың жиналуы) бар-жоғы		14,0	7,0	0,0
3.	Рентген суреттер бойынша қорытындыны дұрыс айтты.		3,0	1,5	0,0

Кезеңдегі ең жоғары балл- 20,0 балл.

Өту баллы – 10,0 балл

Тапсырманы орындауға бөлінген уақыт-4 минут.

КЕЗЕҢ №6
Жүйелі қызыл жегі бар науқастарға клиникалық протокол бойынша емдеу жоспарын жасау

№	Қадамды бағалау критерийлері	Баға			
		Балл	Орын далды 100%	Толы к орын далма ды 50%	Орын далма ды 0%
1.	Науқасты құрметпен және мейірімділікпен қарсы алды. Өзін науқасқа таныстырды. Ол науқасты өзіне қарай ыңғайлы етіп орналастырды, науқасқа қолайлы жағдай жасады. Науқастың тегін, атын және жасын сұрады.		3,0	1,5	0,0

У 408-01-02-2024. тәжірибелік дағдыларды аттестациялау бойынша әдістемелік нұсқау

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия-1 кафедрасы		38 / 11
Тәжірибелік дағдыларды аттестаттау бойынша әдістемелік ұсынымдар		15 беттің 11 беті

	Наукастың шағымдарына, ауру тарихын және эпидемиологиялық анамнезін нақтылау үшін өз сұрақтарын науқасқа түсінікті етіп тұжырымдады.				
2.	ЖҚЖ (жүйелі қызыл жегі) кезінде терапия патогенездік принциптерге негізделіп құрылады және келесіге бағытталады: • аутоантиденелердің синтезін басу, иммундық қабыну белсенділігін төмендету, гемостазды түзету; • әр бала үшін жеке анықталады, оның конституциялық ерекшеліктерін, клиникалық көріністері мен СКВ-ның белсенділігін ескере отырып; • бұрын жүргізілген терапияның тиімділігі мен көтере алу қабілеті, сондай-ақ басқа да көрсеткіштер ескеріледі; • ем ұзақ мерзімді және үздіксіз жүргізіледі; • аурудың фазасына қарай интенсивті және қолдаушы иммуносупрессивті терапияны уақтылы алмастырып отыру қажет;		3,0	1,5	0,0
3.	Дәрі-дәрмексіз емдеу шаралары: • психоэмоционалдық жүктемені азайту; • аурудың өршу кезеңдерінде баланың қозғалыс белсенділігін шектеу; • күн сәулесінде көп болуды азайту, қатар жүретін ауруларды белсенді түрде емдеу; • екпелер (вакциналар) салдырудан бас тарту; • остеопороздың алдын алу мақсатында құрамында кальций мен D дәрумені мол тағамдарды тұтыну; • май мен холестерин мөлшері төмен арнайы диета сақтау, дене салмағын бақылау және дене жаттығуларын жасау. Медикаментозды ем: Преднизолон -Таблеткалар 5 мг, тәулігіне 0,5–2 мг/кг дозада тағайындалады (тәуліктік дозаның 2/3 бөлігі күннің бірінші жартысында), ішке қабылданады. Басым (жоғары) доза 4–6 апта бойы (8 аптадан аспауы тиіс) қолданылады. Қолдаушы доза – тәулігіне ≤ 7,5 мг (немесе 0,1–0,2 мг/кг-ден аз), қабылдау ұзақтығы – бірнеше жылға созылады. Гидроксихлорохин- Таблеткалар 200 мг, тәулігіне 0,1–0,4 г дозада (тәулігіне 5 мг/кг) тағайындалады.		14,0	7,5	0,0

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия-1 кафедрасы		38 / 11
Тәжірибелік дағдыларды аттестаттау бойынша әдістемелік ұсынымдар		15 беттің 12 беті

Ем 2-4 ай бойы жүргізіледі, содан кейін доза 2 есе азайтылып, препаратты ұзақ уақыт бойы (1-2 жыл және одан да ұзақ) қолдану ұсынылады. Микофенолата мофетил -Таблеткалар 250 мг, тәулігіне 2 рет 12 сағаттық аралықпен, 400-600 мг/м² дозада тағайындалады (тәулігіне 2 г-нан аспауы тиіс). 9 ай және одан да ұзақ уақыт бойы глюкокортикоидтармен (ГК) біріктірілген ем аясында қолданылады. Қолдаушы доза — тәулігіне 1 г.				
--	--	--	--	--

Кезеңдегі ең жоғары балл- 20,0 балл.

Өту баллы – 10,0 балл

Тапсырманы орындауға бөлінген уақыт-4 минут.

КЕЗЕҢ №7

Балалардағы буын ауырсынуын анықтау шкаласы. Шкала Эланда/3-7 жас/

№	Қадамды бағалау критерийлері	Баға			
		Балл	Орын далды 100%	Толы к орын далма ды 50%	Орын далма ды 0%
1.	Науқасты құрметпен және мейірімділікпен қарсы алды. Өзін науқасқа таныстырды. Ол науқасты өзіне қарай ыңғайлы етіп орналастырды, науқасқа қолайлы жағдай жасады. Науқастың тегін, атын және жасын сұрады. Науқастың шағымдарына, ауру тарихын және эпидемиологиялық анамнезін нақтылау үшін өз сұрақтарын науқасқа түсінікті етіп тұжырымдады.		3,0	1,5	0,0
2.	Науқас анасынан рұқсат сұрап буын ауырсынуын анықтады. ☐ Бала тыныштықта және медициналық әрекеттер кезінде бақыланады. Келесі белгілерге назар аударылады: Бет-әлпет (қабағын түйеді, жылайды, бет бұрмаланады), Қимыл-қозғалыс (аяқ-қолды сермейді), Тиюге реакция (қолын, аяғын тартады), Жалпы мінез-құлық (тыныш, мазасыз), Дауысы / жылауы бағалайды. Бақылау нәтижесін сәйкес түспен және ұпаймен салыстырыңыз. Бала тыныш → ☐ 0 балл/жасыл; Сәл		14,0	7,0	0,0

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия-1 кафедрасы		38 / 11
Тәжірибелік дағдыларды аттестаттау бойынша әдістемелік ұсынымдар		15 беттің 13 беті

	мазасыз, бірақ тез жұбанады → □/сары/ 2 балл; Қатты жылайды, қарсыласады → ● 4 балл/қызыл/. <table> <tr> <th>Түс</th> <th>Ауырсыну деңгейі</th> <th>Ұпай (балл)</th> </tr> <tr> <td>□ Жасыл</td> <td>Ауырсыну жоқ</td> <td>0</td> </tr> <tr> <td>● Көк</td> <td>Әлсіз ауырсыну</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>□ Сары</td> <td>Орташа ауырсыну</td> <td>2</td> </tr> <tr> <td>□ Қызғылт сары</td> <td>Күшті ауырсыну</td> <td>3</td> </tr> <tr> <td>● Қызыл</td> <td>Өте қатты ауырсыну</td> <td>4</td> </tr> </table> Бағаланған түс пен балл медициналық картаға немесе бақылау парағына жазылады. Бақылау процедура алдында, кезінде және кейін жүргізілгені дұрыс.	Түс	Ауырсыну деңгейі	Ұпай (балл)	□ Жасыл	Ауырсыну жоқ	0	● Көк	Әлсіз ауырсыну	1	□ Сары	Орташа ауырсыну	2	□ Қызғылт сары	Күшті ауырсыну	3	● Қызыл	Өте қатты ауырсыну	4				
Түс	Ауырсыну деңгейі	Ұпай (балл)																					
□ Жасыл	Ауырсыну жоқ	0																					
● Көк	Әлсіз ауырсыну	1																					
□ Сары	Орташа ауырсыну	2																					
□ Қызғылт сары	Күшті ауырсыну	3																					
● Қызыл	Өте қатты ауырсыну	4																					
3.	Шешім қабылдау - Ауырсыну деңгейіне байланысты: - Ауырсынуды басатын дәрі қажет пе; - Қосымша күтім қажет пе; Қолданыстағы ем тиімді ме – бағаланады.		3,0	1,5	0,0																		

Кезеңдегі ең жоғары балл- 20,0 балл.

Өту баллы – 10,0 балл

Тапсырманы орындауға бөлінген уақыт-4 минут.

КЕЗЕҢ №8

Балалардағы буын ауырсынуын анықтау шкаласы. Визуальды аналогты шкала

№	Қадамды бағалау критерийлері	Баға			
		Балл	Орын далды 100%	Толы қ орын далма ды 50%	Орын далма ды 0%
1.	Науқасты құрметпен және мейірімділікпен қарсы алды. Өзін науқасқа таныстырды. Ол науқасты өзіне қарай ыңғайлы етіп орналастырды, науқасқа қолайлы жағдай жасады. Науқастың тегін, атын және жасын сұрады. Науқастың шағымдарына, ауру тарихын және эпидемиологиялық анамнезін нақтылау үшін өз сұрақтарын науқасқа түсінікті етіп тұжырымдады.		3,0	1,5	0,0
2.	□ Бала 7 жастан үлкен екеніне көз жеткізіңіз. □ Баланың нұсқаулықты түсінетініне және сұрақтарға жауап бере алатынына көз жеткізіңіз. □ Балаға бұл бағалау дәрігерлер мен медбикелерге ауырсынуды азайтуға көмектесетінін түсіндіріңіз.		14,0	7,0	0,0

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия-1 кафедрасы		38 / 11
Тәжірибелік дағдыларды аттестаттау бойынша әдістемелік ұсынымдар		15 беттің 14 беті

	Классикалық ВАШ — бұл ұзындығы 10 см болатын түзу сызық. Сол жақ шеті: "Ауырсыну жоқ" (0), Оң жақ шеті: "Ең қатты ауырсыну" (10) Балаға жай, түсінікті тілмен айтыңыз: «Мына сызық/шкала — ауырсыну деңгейін көрсетеді. Сол жағында — мүлде ауырмайды (0), оң жағында — ең қатты ауыратын жер (10). Қазір сенің қай жерге жақын екенін белгіле.				
3.	☐ Баланың белгілеген нүктесі бойынша баллды жазып алыңыз. Мысалы: 6/10, немесе 6 см (егер сызық қолданылса). Балл (0–10) Ауырсыну деңгейі 0 Ауырсыну жоқ 1–3 Әлсіз ауырсыну 4–6 Орташа ауырсыну 7–9 Күшті ауырсыну 10 Төзе алмайтын ауырсыну Егер бала 4 баллдан жоғары деп бағаласа — ауруды басатын шараларды қарастыру керек. Бағалау процедураға дейін, кезінде және кейін де жүргізілуі мүмкін.	3,0	1,5	0,0	

Кезеңдегі ең жоғары балл- 20,0 балл.

Өту баллы – 10,0 балл

Тапсырманы орындауға бөлінген уақыт-4 минут.

8. Тәжірибелік дағдыларды қадамдық және жиынтық бағалаудың ЕМТИХАН ПАРАҒЫ

Кезең № _____

Емтихан қабылдаушы _____

« _____ » 20__ ж.

№	Шифр	Кезең қадамдары					Жалпы балл	Емтихан қабылдаушының қолы
		1	2	3	4	5		

У 408-01-02-2024. тәжірибелік дағдыларды аттестациялау бойынша әдістемелік нұсқау

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия-1 кафедрасы		38 / 11
Тәжірибелік дағдыларды аттестаттау бойынша әдістемелік ұсынымдар		15 беттің 15 беті

9. Емтихан тапсырушының жиынтық аттестациялау парағы

ШИФР _____ « _____ » _____ 20 ____ г.

Кезең бойынша қойылған балл	Жалпы балы			%	Бағасы
	1	2	3		
Емтихан қабылдаушының қолы					

Каф.менгерушісі

PhD, қауымд.проф. К.С.Кемельбеков